

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің
С. Көбеев атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ**

Педагогикалық кеңестің отырысында қабылданды



№ 1 хаттама

«26» тамыз 2025ж.

Жақия М.М.

ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ

«Дебат» үйірмесі

Бағыты: общественно-гуманитарное

Оқушылардың жасы: 14-17 жас (8-11 сынып)

Бағдарламаны іске асыру ұзақтығы: 1 жыл

**Құрастырушы:
Шуренова Г.К.**

Қостанай, 2025

Түсінік хат

Пікірталас оқушыларға жан-жақты көмектеседі. Әр салада, мәселен істе, саясатта, ғылымда жұмыс жасайтын адамдар пікірсайыс техникасын (жолын) өз ойын қорғау немесе ойын тұжырымдау үшін ұтымды қолданады. Сіз пікірталас техникасын арнайы оқып білмесеңіз де, талай-талай пікірсайысына қатысқан боларсыз. Пікір таластырып жаттыққан оқушы әртүрлі тақырыптарды зерттеп, сын көзбен қарап және өз ойын көпшілікке нанымды түрде жеткізуге үйренеді. Сіз пікірсайыс өнерімен жай айналыссаңыз да, өз жақсы қасиеттеріңізді дамытуға мақсат қоя айналыссаңыз да пікірсайыс әлемі сізге өз есігін айқара ашады.

«Пікірсайыс» бағдарламасы Қазақстанда 1996 жылдан бері дамып келеді. Бағдарламаның дамуы барысында үлкен тәжірибе жиналды. Алдыңыздағы бағдарламада бізге белгілі пікірсайыстың үлгілерін жинауға тырыстық. Бұл бағдарламаға мектеп оқушыларын оқытуда қолданылатын Карл Поппер үлгісі мен оның жетілдірілген нұсқасы «Саяси пікірсайыс элементтері бар Карл Поппер үлгісі» кіргізілген. Сонымен бірге оқушылар мен студенттердің жиі қолданатын Американдық Парламенттік пікірсайыс үлгісі мен халықаралық сайыстардың негізгі сайыс үлгісі болатын Британдық Парламенттік пікірсайыс үлгісі де қарастырылған. Заңгерлердің біліктілігін арттыруда пайдалы болатын Сот процесінің моделі мен Заң шығару ісін жетік түсінуге мүмкіндік беретін «Студенттік конгресс» атты білім беру технологияларының үлгілері де қызықты және пайдалы болатындығына сенімдіміз. Сайыскерлердің жеке қабілеттерін дамыту мен оларды бағалауға арналған «Линкольн - Дуглас» үлгісі мен «Тосыннан сөйлеу» сайысы да осы бағдарламада және сабақтарыңызда қолданылуы мүмкін.

Пікірсайыс оқушының таным-білім деңгейлерінде дамытады. Пікір-сайыс үйренуге тұрарлық өнер. Оқушылардың, студенттердің өз бетімен іздену, білім алу және шығармашылық белсенділігін арттыруды көздейді. Сондықтан да «Пікір-сайыс» бағдарламасы келешекте саяси-әлеуметтік санасы жетік, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастарды тәрбиелей береді деген сенім мол.

Пікірсайыстың тәрбиелік мәні уақытты үнемді, тиімді пайдалану оқушыны жинақылыққа, эстетикалық, этикалық талғампаздыққа үйретуінде. Мәдениетті қарым-қатынас, өзін-өзі ұстай білу, сыпайлылықпен жауап қату, қандай жағдайда да төзімділік танытып, қызбалылықтан аулақ болу, өзінің жолдастарын ұятқа қалдырмау, жауапкершілікті сезіну т.б. оқушы бойына қажетті тәрбиені сіңіру пікірсайыстың ұстанған басты бағыттарының бірі.

Әдістемелік құралдың мақсаты: логикалық және сыни ойлауды, коммуникативті мәдениетті және көпшілік алдында сөйлеу дағдыларды дамыту, тәуелсіз шешім қабылдауға және қоғамның болашақ көшбасшысы ретінде жеке тұлғаның қалыптасуына ықпал ету.

Әдістемелік құралдың міндеттері:

- ✓ заманауи коммуникациялар әлеміне бейімделу;
- ✓ сөйлеу тәсілдерін дамыту;
- ✓ сындарлы қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру;
- ✓ әлеуметтік көшбасшылық технологияларын меңгеру;
- ✓ ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;
- ✓ оқу-тәрбие үдерісінде коммуникацияны ұйымдастырудың және өзін-өзі тәрбиелеудің жаңа жолдарын іздеу және игеру.

«Дебат» клубының жұмысын өту нәтижесінде оқушылар келесі позициялар бойынша тәжірибе жинақтайды.

- командада жұмыс істеу;
- өз позициясын қорғау және қарсылас позициясына кіру;
- әр түрлі көзқарастарға төзімділік;
- қоғамдық сөйлеу тәжірибесі;
- мерзімді басылымдардан, кітаптардан, интернеттен және т. б. ақпаратпен өз бетінше жұмыс істеу.
- «дебат» ойынына қатысу арқылы командада жұмыс істеу.

«Сөз өнері» бағдарламасына арналған күнтізбелік – тақырыптық жоспар

Бөлім		Бөлім тақырыбы	Сағаты	Мерзімі
Кіріспе	1	Пікірсайыс дегеніміз не?	1	03.09
	2	Пікірсайысқа кімдер қатыса алады? Пікірсайыс – ұлы дәстүр ретінде.	1	08.09
	3	Пікірсайыстың үш негізгі қағидасы. Қарама-қарсы көзқарастардан қорғану этикасы.	1	10.09
	4	«Миға шабуыл» практикалық тренинг	1	15.09
Дебатқа қалай дайындалу керек	5	Кейсты құрастыру.	1	17.09
	6	Қабылданатын кейсты құрастыру.	1	22.09
	7	Қабылданатын кейс құрастыру үлгісі. Қабылданған кейс үлгісі.	1	24.09
	8	Даттау стратегиясы.	1	29.09
	9	Даттау түрінде қабылданатын кейс.	1	01.10
	10	Даттау мен контраргумент ұсынудың айырмашылығы.	1	06.10
	11	Ойындағы позициясы.	1	08.10
	12	Қарама-қарсы сұрақтар. Тиімді сұрақтар құрастыру әдістері.	1	13.10
	13	Респондент үшін стратегиялық жол. Респондент пен интервьюердің іс-әрекеті..	1	15.10
	14	Мини-пікірсайыс	1	20.10
«Пікірсайыс» ойынын дайындау және өткізу	15	Ақпараттар жинау. Алдына ала оқу.	1	22.10
	16	Фактілер. Стастика. Расталған дәлелдеулер.	2	03.11 05.11
	17	Қантты сөздер. Қанатты сөздердің ережелері.	1	10.11
	18	Хат жазу және дәлелдеме карточкасын құрастыру техникасы.	1	12.11
	19	Британдық Парламенттік Формат бойынша ойын ережесі.	2	17.11 19.11
	20	Американдық Парламенттік Формат бойынша ойын ережесі.	2	24.11 26.11
	21	Линкольн-Дуглас форматы бойынша ойын ережесі	2	01.12 03.12

22	БҰҰ конференциясы форматы бойынша ойын ережесі	2	08.12 10.12
23	Карл-Попер форматы бойынша ойын ережесі	2	15.12 17.12
24	Президенттік Формат бойынша ойын ережесі	3	22.12 24.12 28.12
25	Практикалық сабақ.	1	12.01
26	Ойын ережесі. Карл Поппер жүйесі бойынша пікірталас.	2	14.01 19.01
27	Спикерлер міндеттері. Сөйлеу типтері.	2	21.01 26.01
28	Өткен тақырыптар бойынша дайындық ойындары.	1	28.01
29	Пікірсайыс негіздері туралы. Сұрақтар.	1	02.02
30	Тәртіп бұзу .Стиль.	1	04.02
31	Төрешілік критерийлер (талаптар)	2	09.02 11.02
32	Пікірталаста төрешілік ету.	1	16.02
33	Әділетті төрешінің сапасы.Төрешінің міндеттері.	1	18.02
34	Тренинг. Кейс құру және қолдану	1	23.02
35	Ойын ережесі. ЛД жүйесінде дебат ойнау.	1	25.02
36	Спикер міндеттері.	1	02.03
37	БПФ, АПФ үлгілері. Практикалық тапсырма	1	04.03
38	Тосыннан сөйлеу сайысының ережелері	1	09.03 (мереке күні)
39	Көпшілік алдында сөйлеу техникасы. Практикалық сабақ.	2	11.03 16.03
40	Ашық және жабық сұрақтар	1	18.03
41	Спикерлік баллдарды бағалау	1	30.03
42	Ақпаратты тексеру және қабылдау	1	01.04
43	Шешендік өнер жайында теориялық бөлім.	1	06.04
44	Тәжірибелік тренинг «Шешендік өнер». Кері байланыс.	1	08.04

	45	Аргумент құрау. Миға шабуыл.	2	13.04 15.04
	46	Аргумент құрылымын сипаттау. Аргумент түрлер	2	20.04 22.04
	47	Тәжірибелік сабақ. Төрешіліктің негізгі ережелері.	2	27.04 29.04
	48	Төрешілік бәлоттарды жасау ерекшеліктері	1	04.05
	49	Кейс құрау және пайдалану	2	06.05 11.05 (мереке күні)
	50	Турнирге дайындық және анализ	1	13.05
Қорытынды этап	51	Форматтар бойынша сараптама ерекшеліктері	1	18.05
	52	Ойын. Маусымның жабылуына дайындық.	1	20.05
Барлығы			68	